

Мақат ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 шілдедегі № 117 "Мақат ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін (К айм) бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № 176 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 желтоқсанда № 4798 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 08.04.2021 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Мақат ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мақат ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 шілдедегі № 117 "Мақат ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін (К айм) бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4450 санымен тіркелген, 2019 жылғы 22 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақат ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін (К айм) бекіту туралы"

2) Көрсетілген қаулының орыс тіліндегі тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Об утверждении коэффициентов зонирования (К зон), учитывающего месторасположение объекта налогообложения в населенных пунктах Магатского района"

3) Көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Шанғалаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылдың 01 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Мақат ауданының әкімі

Ш. Кейкин

Мақат ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 желтоқсаны № 176 қаулысына қосымша

Мақат ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Орналасқан жері	Аймақ коэффициенті
Мақат кенті		
1	Жұмабай Жұмағалиев көшесі	1,1
2	Базарғали Төлекбаев көшесі	1,2
3	Ерғожа Туманов көшесі	1,3
4	Ләтип Шахатов көшесі	1,3
5	Әліби Жангельдин көшесі	1,3
6	Нәбира Шағырова көшесі	1,4
7	"Газшылар" шағын ауданы	1,45
8	42 бөлімше	1,5
9	Қаныш Сатпаев көшесі	1,55
10	Айман Жұмашева көшесі	1,65
11	"Болашақ" шағын ауданы	1,65
Доссор кенті		
1	"Бірлік" шағын ауданы	1,15
2	"Ынтымақ" шағын ауданы	1,15
3	Ақмұқан Нұрсейтов көшесі	1,25
4	Шөкен Исанов көшесі	1,3
5	Қайырғали Жылқышиев көшесі	1,35
6	Әмірбай Оразов көшесі	1,35
7	Бауыржан Момышұлы көшесі	1,35
8	Ғарифолла Құрманғалиев көшесі	1,35
9	Құрманғазы көшесі	1,35
10	Мұстафа Шоқай көшесі	1,35
11	Тәжібай Текеев көшесі	1,4
12	Ораз Сарғұнанов көшесі	1,4
13	Нұр Құсайынов көшесі	1,4
14	Оспан Шәримов көшесі	1,4
15	Құбай Сейітов көшесі	1,4

16	Бисенғали Дәулетбаев көшесі	1,4
17	Қадым Жандауов көшесі	1,4
18	Жұмағали Мұқтанов көшесі	1,45
19	Рамазан Төлешқалиев көшесі	1,5
20	Хансұлтан Аухатов көшесі	1,5
21	Шәли Еркешев көшесі	1,55
22	Әмірхан Мантаев көшесі	1,55
23	Жетпіс Ботайбайұлы көшесі	1,6
24	Хәкім Исаков көшесі	1,6
25	Қуаныш Құдабаев көшесі	1,6
26	Ғалия Сүлейменова көшесі	1,6
27	Қадірбай Кериков көшесі	1,6
28	Бержан Канатбаев көшесі	1,65
29	Махамбет көшесі	1,7
Байгетөбе ауылдық округі		
1	Ескене ауылы	0,85
2	Мұнай айдаушылар бөлімшесі	1,1
3	402 жол айрығы	0,75
4	414 жол айрығы	0,75
5	441 жол айрығы	0,75
6	469 жол айрығы	0,75
7	472 жол айрығы	0,75
8	377 жол айрығы	0,75